СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ КЕАҚ

Н.С. ГАЗИЗОВА, С.М. ТУРДИН, М.С.КАРИБАЕВ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

СЕМЕЙ
2023

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ КЕАҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет. /Құрастырғандар: Газизова Н.С., Турдин С.М., М.С.Карибаев/ Әдістемелік құрал. Семей. Шәкәрім университеті. 2023жыл. – 50 б.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» әдістемелік құралы жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру, сонымен қатар Шәкәрім университетінің профессорлық - оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің парасаттылық құндылықтарын, білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік құралда сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның қоғамның дамуына тигізетін зияны, тақырыпқа қатысты терминдер беріле отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың жолдары, құқықтық жағдайлары ұсынылады.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....4

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК.....6

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕР.....10

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР.....13

ПАРА БОЛУЫ МҮМКІН.....13

ПАРА АЛҒАНЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ
КІМ ТАРТЫЛУЫ МҮМКІН?.....14

ПАРА ҮШІН ЖАЗА.....14
ҚАНДАЙ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖАТАДЫ?.....23

КІРІСТІ РЕСМИ МӘЛІМДЕУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ
МІНДЕТІ.....25

ҚЫЗМЕТ ЭТИКАСЫН САҚТАУ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
БАСЫМДЫ ЖАҒДАЙЫ.....27

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖҰМЫСТАР.....28

КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ.....30

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....32

ӘРБІР ОҚЫТУШЫ, ҚЫЗМЕТКЕР, БІЛІМ АЛУШЫ БІЛУІ ТИІС.....39

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ.....40

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ.....46

ПАЙДАЛАНҒАН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ
АКТІЛЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР.....49

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу нағыз құқықтық мемлекетті құрудың алғы шарты деген еді. Ол: "Қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қалыптасуы шарт. Барлық мемлекеттік органдар осы бағытта жұмыс істеу керек. Әділет министрлігіне көпшіліктің жемқорлыққа қатысты құқықтық сауатын арттыру жұмыстарын күшейтуді тапсырамын. Білім және ғылым министрлігі де балаларды ерте жастан жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздеріне баулуды қол алған жөн", – деді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен

күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әдідікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Осы саладағы негізгі мақсат – білім саласында сыбайлас жемқорлықты жою, білім беру, тәрбиелеу арқылы сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру. Бұл салада жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық қабілетті дамыту қажет. Ол үшін әрбір адамды сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін, оған қарсы тұра білетіндей тәрбиелеу керек.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал осы бағыттағы қажетті ақпаратты қамтиды. Оқырман сыбайлас жемқорлықтың ұғымынан бастап, оның құқықтық салдарының неге апарып соғатынын, қандай жауапкершілікке тартылатыны туралы мәліметтерді осы әдістемелік құралдан алуына болады. Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда бұл құралды барлық білім беру меекемелері қолдана алады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу дегенді білдіреді.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

«Коррупция» термині латын тілінің «corrutpere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздік тәртіпті білдіреді.

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айтқанда қоғамның көмегінсіз жемқорлықты жеңу мүмкін еместігін бірнеше рет атап өтті. Әсіресе, жастардың жалпы күрделі мәселелерді шешуге, оның ішінде сыбайлас жемқорлықты жеңуге қажет білімдерінің жеткілікті екеніне

ерекше мән беріп, жастардың бойында жемқорлыққа қарсы күресуге негізделген қызығушылықтардың бар екенін айтады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жігері қажет.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық неге өте қауіпті?

Адамдардың көбі пара беру мен сыбайластықты қандай жағдайда да өздері үшін пайдалы немесе зияны жоқ құбылыс ретінде қарастырады:

- «Мұның несі жаман? Көбірек төледім, есесіне техникалық байқаудан ешбір қиындықсыз өттім, оған қоса уақытты да үнемдедім».
- «Дипломды сатып алдым да, ұлымды беделді жұмысқа орналастырдым. Бұдан кімге жаман болды?»

Ақыр аяғында бұл тек бәрі үшін «жаман» ғана емес, сондай-ақ әрбір адам үшін қауіпті. Өйткені заң билігі әділ болмаса, ол кез келген адамды бүлдіруі мүмкін және саруайымға түсіріп, жат етуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз қажет! Өйткені сыбайлас жемқорлық тәсімінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы - сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымдарын бұзады.

Бұл әлеуметтік қауіпті құбылыспен күресудің өзектілігі бірқатар жағдайларға негізделген:

- ❖ сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерінің шындап бұзылуына әсер етеді;
- ❖ сыбайлас жемқорлық қылмыстың субъектілері әдетте жоғары қоғамдық жағдайда болады;
- ❖ әбден жетілдірілген зияткерлік тәсілдермен айналысу; бұл құбылыс әртүрлі жағдайларға үздіксіз өзгере және жетілдіріле отырып бейімделеді;
- ❖ осы іс-әрекет келтіретін үлкен материалдық және моральдық шығын;
- ❖ ерекше беймәлімсіздік – бұл құбылыс туралы толық деректің немесе көрнекі дәлелдің жоқтығы, қылмыстық сотқа тартылатын кінәлі тұлғалардың аздығы және олардың тек бірен-саранына ғана шынайы қылмыстық жаза қолданылуы;
- ❖ сыбайлас жемқорлық тек жасырын сипатта ғана емес, сонымен қоса келісімді түрде жасалады, қағида бойынша ол өз артынан шағым тудырмайды, өйткені кінәлі тараптар заңсыз жасалған мәміледен өзара тиімді пайдаға ие болады;
- ❖ сыбайлас жемқорлық әрекеттер әдетте кәсіби емес адамның тексеріп қарауына қиын соғатын күрделі өзіндік және құпия мемлекеттік қызмет түрлерінде жасалады;

- сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппаратқа деген шынайы сенімді жойдырады, оның беделін түсіреді;
- аталмыш құбылыс мемлекеттік өкімет құрылымдарында тез тарайды;
- шын мәнісінде, заңмен қорғалатын барлық қоғамдық қатынастар сыбайласқан лауазымды тұлғалардың қылмыстық әрекеттерінің объектісі бола алады.

Жоғарыда айтылған тізім жеткілікті толық болып табылмайды, бірақ соның өзі де дәл қазіргі кезде сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша теориялық ережелерді дайындауда, сондай-ақ күнделікті әрі тәжірибелік жұмыстар жүргізуде өткір қажеттілікті талап ету уақытының келгендігі туралы куәландырады. Алайда қандай да бір құбылысқа қарсы тұруға шақырмас бұрын, сол құбылысты анық және нақты түрде анықтау қажет және ол жамандықтың шығу себептері мен механизмін талдап қарастыру керек.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Осы бағытта елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Тұжырымдамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері анықталып, берілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

1) баршаның заң алдындағы теңдігі және әділдік;
2) жариялылық, айқындық және қоғамға есеп беру;
3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;
4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;
5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
6) тиімділік пен нәтижелілік;
7) сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;
8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;
9) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
10) сапалы цифрлық трансформация қағидаттарына негізделеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

1) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
2) сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;
3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;
5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрекет болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Сыбайлас жемқорлық ұлттық шекаралардың шеңберінен шығып кеткен, сондықтан онымен күрес жаһандық ауқымда жүргізуді қажет етеді. Ол заңның, демократия мен адам құқықтарының үстемдігіне қатер төндіреді. Қоғамның моральдық тетіктерін, билікке деген сенімді, мемлекеттік басқару, теңдік пен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына зиянын тигізеді, бәсекеге бөгет жасайды және экономикалық дамытуды қиындатады. Әсіресе, ең қауіптісі – мемлекеттік билік орындарындағы сыбайлас жемқорлық. Бұл жағдайда ол монополияның билікпен симбиозының, мемлекеттік қызметкерлердің шешім қабылдаудағы қауқарсыздығының, шенеуніктердің бақылауда болуы мен оларға құқықтық жауапкершілік жүктелмеуінің көрінісіне айналады. Тәжірибенің көрсетуінше, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін бұзады, мемлекеттік билік пен мемлекеттік қызметтің беделінің құлдырауына мүмкіндік жасап жатады. Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды, әсіресе экономика саласындағы ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік машинаны ұйымдасқан қылмыстың қолдануы мемлекеттік өкілеттілікті жекеменшікке айналдыру амалы ретінде тікелей сыбайлас жемқорлықпен байланысты. Гегель былай деп жазды: «Мемлекеттік биліктің жеке индивидум иеленген үлесі – жалпыға ортақ биліктің жоғалтқаны деген сөз». Ол аз десеңіз, индивидтер мен қылмыстық құрылымдар биліктің өздері иеленген бөлігіне сүйене отырып, мемлекетке, азаматтық қоғам институттарына және де оның құндылықтарына шабуылға шығады. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешпей, мемлекеттік басқарудың міндеттерін сәтті орындау мүмкін емес.

Сыбайлас жемқорлық феноменін түсінуге қатысты сан түрлі әдістемелік бағыттар бар. Сыбайлас жемқорлықтың ежелден ақ түрлі – әлеуметтік, саяси, криминологиялық, құқықтық аспектілерінде қарастырылған. Осылайша, Платон мен Аристотель сыбайлас жемқорлықты саяси категорияға жатқызды, Макиавелли оны мемлекеттің азаматтық ізгілікті бұзатын ауыр сырқаттың белгісі деп санаса, Ш.Монтескье оны нәтижесінде жақсы саяси тәртіп не жүйе жарамсызға айналатын дисфункционалдық үдеріс ретінде сипаттаған.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕР:

сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы, судья, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;

лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – мемлекеттік қызметтегі адам, мәслихат депутаты, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді мемлекеттік қызметке тағайындалғанына дейін уақытша атқаратын адам, сондай-ақ офицерлер құрамының келісімшарт бойынша әскери

қызметшісі әскери лауазымына уақытша тағайындалған немесе оның міндетін уақытша атқаратын адам;

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; өкілеттігін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының бюджет қаражатынан жүргізілетін аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;

мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР

Парақорлық - сыбайлас жемқорлық көріністің кең тараған және қаупті түрі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде парақорлықпен байланысты үш қылмыс түрі қарастырылған:

- **пара алу** (366-бап);
- **пара беру** (367-бап);
- **парақорлыққа делдал болу** (368-бап).

Пара алу – бұл ең қауіпті лауазымды қылмыстардың бірі, әсіресе адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе қорқытып алу жолдарымен жасалса, лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нәтижесі бойынша артықшылық алуы және пайдасына жасалуы табылады.

Пара беру – лауазымды адамды қандайда бір артықшылық алуы және пайдасына заңды немесе заңсыз әрекеті (әрекетсіздігі) арқылы, жалпы қамқорлығына немесе қызметіне жол берушілікке бейімдеуге бағытталған қылмыс.

Парақорлыққа делдал болу – яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізу немесе оны іске асыруға ықпал ету.

ПАРА БОЛУЫ МҮМКІН

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді әрдайым парақордың жеке өзі алмайды, оларды көбіне оның жақын адамдарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады. Пара деп саналатын нәрселер:

Заттар – ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, құнды металлдан және тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, азық-түліктер, бейнетехника және басқа да заттар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер телімдері және басқа жылжымайтын мүліктер.

Қызмет көрсету және пайда – ем қабылдау, жөндеу және құрылыс жұмыстары, шипажайға және туристік жолдама, шетел сапарын төлеу, ойын-сауық және басқа шығындарды төлеу, тегін немесе кемітілген бағамен беру.

Жасырын (бүркемеленген) пара түрі – банктік көмек несиесін қарызға алу немесе жоқ несиені өтеу, тауарларды төлеу, тауарларды төмен бағамен сатып алу, тауарларды ең жоғарғы бағамен сатып алу, жалған еңбек шартын жасап жемқорға, оның туыстарына, достарына еңбек ақы төлеу, жеңіл несие алу, дәріс беру, мақалалар және кітаптар үшін қаламақыны аса көтеру, ойынханадағы «кездейсоқ» ұтыстар, жалдау ақысын жеңілдету, несие мөлшерінің пайызын көбейту және т.с.с.

ПАРА АЛҒАНЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ КІМ ТАРТЫЛУЫ МҮМКІН?

Пара алушыға мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамдары (әрі қарай – лауазымды адамдар) жатады.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

ПАРА ҮШІН ЖАЗА

Пара алу (366-бап):

Лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы - *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 50 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу - *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір*

бойына айыра отырып, параның 60 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Параның айтарлықтай мөлшері болып 50-ден 3000 АЕК дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немес мүлікті сипаттағы пайданың құны табылады.

Егер осы әрекеттер, қорқытып алу жолымен, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, ірі мөлшерде, бірнеше рет жасалса, – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 70 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 7 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Параның ірі мөлшері болып 3000-нан асастын 10 000 АЕК дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны табылады.

Егер осы әрекеттерді, қылмыстық топ жасаса, сол сияқтыаса ірі мөлшерде жасалса - *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 80 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Параның аса ірі мөлшері болып 10 000 АЕК асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны табылады.

Егер сыйлықтың құны 2 АЕК аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.

<u>Пара беру</u> (367-бап):

Лауазымды адамның жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру – *мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 20 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет – *мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 30 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Егер ол әрекеттер адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, ірі мөлшерде, бірнеше рет жасалса – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра

отырып, параның 40 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 7 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы әрекеттер аса ірі мөлшерде жасалса немесе оларды қылмыстық топ жасаса – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 50 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Лауазымды адам бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны 2 АЕК аспайтын сыйлықты бірінші рет беру, егер осы адам жасаған әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

Пара берген адам, егер оған қатысты осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам тарапынан параны қорқытып алу орын алған болса немесе егер осы адам пара бергені туралы құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

<u>Парақорлыққа делдал болу</u> (368-бап):

Парақорлыққа делдал болу – *мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 10 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Бірнеше рет жасалған не қылмыстық топ немесе адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекет – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 20 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Қылмыс жасалғаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыс болып саналады және 3 жылдан 7 жылға дейін дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (419-бап).

Пара тікелей берілуі мүмкін («егер мәселе біздің пайдаға шешілетін болса, онда ..... аласыз»), сондай-ақ жанама болуы мүмкін.

Парақорлықтан басқа да келесі әрекеттер сыбайлас жемқорлық қылмыстарға жатады:

Кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, егер лауазымды адам, өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса (189-бап 3-бөлік 2-тармақ) – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүліктің 10 еселенгеннен 20 еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не 2 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену, лауазымды адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса (190-бап 3-бөлік 2-тармақ) - *мүлкі тәркіленіп, 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүліктің 10 еселенгеннен 20 еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Мүліктік пайда алу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттерді азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіріп жасауы, лауазымды адам жасаған іс-әрекет, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса (216-бап 2-бөлік 4-тармақ) – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру, яғни тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ақшасын немесе өзге мүлкін не оған құқығын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүліктік пайда табу) жөніндегі қызметті ұйымдастыру, сол сияқты қаржылық (инвестициялық) пирамидаға немесе оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету, лауазымды адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса (217-бап 3-бөлік 3-тармақ), – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады*

Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құруға дем берушілік немесе оған немесе оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ оның қызметін ашуға немесе жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен, қаржылық (инвестициялық) пирамиданы ұйымдастырушыдан басқа адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату), яғни қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан

жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету, егер бұл іс-әрекеттер айтарлықтай мөлшерде жасалса, лауазымды адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса (218-бап, 3-бөлік 1-тармақ) – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады*

Экономикалық контрабанда, яғни кедендік бақылаудан тыс немесе одан жасырын не құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалану арқылы жасалған не декларациялаусыз немесе анық емес декларациялаумен ұштасқан, ірі мөлшерде тауарларды немесе өзге де заттарды, оның ішінде осы Кодекстің 286-бабында көрсетілгендерін қоспағанда, кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салынған немесе өткізу шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы қағидалары белгіленген тауарларды, заттар мен құндылықтарды Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу, лауазымды адамдар жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса (234-бап 3-бөлік 1-тармақ) – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Рейдерлік, яғни жоғары органның шешім қабылдауы кезінде жиналыстың, отырыстың хаттамаларына, олардан үзінді көшірмелерге дауыс берушілердің саны, кворум немесе дауыс беру нәтижелері туралы көрінеу анық емес мәліметтерді енгізу не дауыстар санауды немесе дауыс беруге арналған бюллетеньдердің есебін көрінеу дұрыс емес жүргізу, акционердің, қатысушының, басқару органы мүшесінің немесе атқарушы орган мүшесінің дауыс беруге нақты қолжетімділігін бұғаттау немесе шектеу, жиналыстың, отырыстың өтуі туралы мәліметтерді хабарламау не жиналыстың, отырыстың өтетін уақыты мен орны туралы анық емес мәліметтерді хабарлау, көрінеу жалған сенімхатпен акционердің, қатысушының немесе басқару органы мүшесінің атынан дауыс беру жолымен, дауыс беру нәтижелерін қасақана бұрмалау не құқықты еркін іске асыруға кедергі келтіру нәтижесінде, бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын бұзу, шектеу немесе оған қысым жасау, сол сияқты бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру кезінде қасақана кедергілер келтіру жолымен заңды тұлғадағы қатысу үлесіне меншік құқығын, сол сияқты заңды тұлғаның мүлкі мен бағалы қағаздарын заңсыз иемдену немесе заңды тұлғаның үстінен бақылау орнату не азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне не қоғамның, лауазымды адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса (249-бап 3-бөлік 2-тармақ), – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 7 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру, яғни ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру, сол сияқты заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру не Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласындағы қызметі лицензиясыз жүзеге асыру, лауазымды адам өзі немесе сенім білдірген адам арқылы заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан жасаған іс-әрекеттер, егер бұл іс-әрекеттер мұндай қызметте жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен немесе өзге нысандағы жақтаушылығымен байланысты болса (307-бап 3-бөлік 3-тармақ), – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу (364-бап), яғни лауазымды адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы не мұндай ұйымды басқаруға заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан, жеке өзі немесе сенім білдірген адам арқылы қатысуы, егер бұл іс-әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге немесе өзге де нысандағы жақтаушылыққа байланысты болса – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 1 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады*.

Лауазымды адам жасаған дәл сол іс-әрекет – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға не 4 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (365-бап), яғни дара кәсіпкердің немесе ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу, сол сияқты дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу не қызметіне өзгедей түрде заңсыз араласу, егер бұл іс-әрекеттерді мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып жасаса, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 2 000 дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде*

түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Лауазымды адам жасаған дәл сол іс-әрекет, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, ірі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекеттер – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Дәл сол іс-әрекет жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған, аса ірі мөлшерде жасалған, қылмыстық топ жасаған не қылмыстық топтың мүддесіне орай жасалған іс-әрекеттер – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Қызметтік жалғандық жасау (369-бап), яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізуі не аталған құжаттарға олардың шынайы мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі не көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі, егер бұл іс-әрекеттер өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған болса – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 2 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Егер оны жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Қызметтегі әрекетсіздік (370-бап), яғни лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 2 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған дәл сол іс-әрекет – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Билікті теріс пайдалану, бастықтың немесе лауазымды адамның билікті немесе қызмет бабын өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы теріс пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса (450-бап) – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 4 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан әрекеттер жасауы, ауыр зардаптарға әкеп соққан не, өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған дәл сол іс-әрекет (451-бап 2-бөлік 2-тармақ) – *мүлкі тәркіленіп, 5 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

Биліктің әрекетсіздігі, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса (452-бап) – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 3 000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 3 жылға дейінгі*

мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет – *мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 4 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.*

ҚАНДАЙ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖАТАДЫ?

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың келесі іс-әрекеттері енгізілді:

Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса (676-бап) – *200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады*.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осыларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса (677-бап), – *600 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады*.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса (678-бап) – *750 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады*.
Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – *1500 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады*.

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңнамада жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысуы не белгіленген қаржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтар қабылдауы (679-бап), – *осы ұйымдардың басшыларына 600 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.*

Мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі, өздеріне бағынысты адамдарға қатысты өз өкілеттіктері шегінде шаралар қолданбауы не көрсетілген шараларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұза отырып қолдануы не кінәлі тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша салық

органдарына тиісті ақпаратты ұсынбауы (680-бап) – *100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады*.

Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының не ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары басшысының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауы (681-бап) – *100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады*.

КІРІСТІ РЕСМИ МӘЛІМДЕУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МІНДЕТІ

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында ықтимал сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінен қоғамға келтірілетін залалды болғызбай, жосықсыз қызметшілерді уақтылы анықтауға және жұмыстан босатуға мүмкіндік беретін парасаттылыққа тексеруді (integrity check) енгізудің тетіктерін әзірлеу қажеттігі атап көрсетілген. «...Аталған институттың пәрменділігін қамтамасыз ету үшін кірістер мен шығыстарды жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде декларацияларды, оның ішінде электрондық жүйелер арқылы тәуекелге бағдарланған тиімді тексеру қолданылатын болады. Жария лауазымдардың тізілімін енгізу қаржылық мониторинг шеңберінде осы тізімге кіретін адамдардың ғана емес, олардың жақын туыстарының да ірі сатып алуы мен операцияларын қадағалауға мүмкіндік береді.

БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының негіз қалаушы қағидатын іске асыру – қылмыстық құқық бұзушылықтарды, әсіресе қылмыстық кіріс алу және оны заңдастыру тәуекелдерімен ұштасқан қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезінде қылмыстық активтерді іздестіру мен қайтаруды қамтамасыз ету келесі қадам болады.

Осы мақсатта "ақшаны қадағалау" ("follow the money") қағидаты бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тиісті мамандануын және олардың уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтасуын қамтамасыз ете отырып, міндетті қаржылық тергеп-тексеруді көздеу қажет...» - делінген тұжырымдамада.

Сыбайлас жемқорлықты ескерту мақстында мемлекеттік кіріс органына кірістері мен мүлкі туралы декларацияны тапсыру «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 11-бабында көрсетілген қаржылық бақылау шаралары болып табылады.

Аталған талаптар мемлекеттік немесе оған теңестірілген қызметті атқаратын адамдарға қатысты немесе, сондай-ақ олардың жұбайларына да қолданылады.

Аталған Заң талаптарынының орындалуын қадағалау мемлекеттік органдардың тиісті басшыларына жүктелген, оның ішінде әскери қызмет атқарушылар да көрсетілген.

Кірістері мен мүлкі туралы **декларацияны ұсынбауы** немесе осындай декларацияны толық емес, анық емес мәліметтерді ұсынуы, егер істелген әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса *әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.*

«Әкімшілік құқық бұзушылық» Кодексінің 274-бабына сәйкес мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның, мемлекеттік қызметтен теріс

себептермен босатылған адамның, сол сияқты аталған адамдардың жұбайының (зайыбының) салық салу объектілері болып табылатын кірістер мен мүлік туралы декларацияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қасақана ұсынбауы – *50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.*

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған әрекет – *200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады*.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну мерзімдері:

қағаз жеткізгіште ұсынылған жағдайда – есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 шілдесінен кешіктірілмей;

электрондық түрде ұсынылған жағдайда – есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей ұсынылады.

ҚЫЗМЕТ ЭТИКАСЫН САҚТАУ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМДЫ ЖАҒДАЙЫ

Қызметтік этика — кәсіби этика саласындағы ең кең ұғым. Қызметтік этика деп адамның кәсіби, өндірістік және қызметтік іс-әрекеті саласындағы мінез-құлқының ең жалпы нормаларының, қағидалары мен қағидаттарының жиынтығын түсінеді. Бұл нормаларды жұмыс істей бастаған әрбір адам сақтауы тиіс. Бұл нормалардың саны аз емес. Олардың басым бөлігі нақты қызмет түрлеріне қатысты егжей-тегжейлі болу үшін жалпы шекті түрде тұжырымдалады. Қызметтік этика талаптары:

Тәртіп. Бұл ұғымды нақтылау Еңбек ерекшелігі мен мазмұнына байланысты болады.

Тұлғааралық қатынастардың дұрыстығы. Адам өзінің еңбек қызметі саласында өзін тұлғааралық қақтығыстар барынша аз пайда болатындай және басқа адамдарға тікелей және жанама тұлғааралық қарым-қатынаста оның жанында ыңғайлы жұмыс істеу үшін ұстауы тиіс.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ профессорлық - оқытушы құрамы мен қызметкерлерінің және білім алушыларының Ар-Ұждан кодексі қабылданған. Кодекс оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылардың жеке кабинеттерінде орналастырылған. Кодекс университет шегінде қолданылады және университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлері және білім алушылары үшін міндетті күшке ие.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖҰМЫСТАР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті. Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде адам өмірінің барлық салаларына теріс әсер етеді, әлеуметтік-экономикалық даму процесін тежейді, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Білім алушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мақсатында Шәкәрім университетінде жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспары әзірленеді және бекітіледі, лекторлық топтың жұмысы тұрақты негізде ұйымдастырылады, «Sanaly Urpaq» клубы жұмыс істейді. Осы қызмет шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған түрлі іс-шаралар: әңгімелесулер, пікірталастар, пікірсайыстар, зияткерлік ойындар, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер және тағы басқалар өткізіледі.

Білім алушылардың оқуға деген тұрақты қызығушылығын ояту, білім сапасын арттыру үшін адалдық, ашықтық, еңбекқорлық, өзін-өзі тәрбиелеу сияқты жеке қасиеттерді насихаттау бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. «Білім алушылардың ар-намыс кодексі» университеттің барлық білім алушылары ұстануға міндеттенетін академиялық адалдық қағидаттары қамтылған. Жүргізіліп жатқан іс-шаралардың барлығы жастардың алған білімдерін күнделікті өміріндегі кез келген сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы тұрақты иммунитетті қалыптастыруға бағытталған.

Шәкәрім университетінде жүргізіліп жатқан барлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың негізгі бағыттарын мына сілтемелер арқылы көруге болады:

1. https://www.instagram.com/reel/CjnZurCNx1V/?igshid=ZmRlMzRkMDU
2. https://www.instagram.com/p/CjPPOELIXlk/?igshid=ZmRlMzRkMDU=
3. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid07gyXdE2QxTvxZSNZkK35j6fRwyCiroYxEaDyXwELffpipvzmQCm9xzYctpVNUMEfl&id=100022800277260&mibextid=Nif5oz
4. https://www.instagram.com/reel/Ck_JCcpqaXD/?igshid=YmMyMTA2M2Y%3D

5. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ZL6LA5kMXWLH53XePiUkzWjAmJJbmkCVxfvFK38QwLtTC6e5nz7YwyNrvCGoS7nWl&id=100035145771446&mibextid=Nif5oz

6. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0NvhtTPYCX99yt9MiRM5TmPxSuxZn1cUwntxVFzzTWxsEQWS96ivwPSMQob8qGzPCl&id=100041219650084&mibextid=qC1gEa

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында университетте тұрақты түрде «Таза сессия» сауалнамасы өткізіліп тұрады. Сауалнама мақсаты - Шәкәрім университетінің білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарасы мен төзімділік деңгейін анықтау.

Университеттің сыбайлас жемқорлықпен күресудегі негізгі идясы жастармен кездесулер өткізу және оларға жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараларды жетілдіру, білімалушылар арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу, оқытушылар мен қызметкерлерді парасаттылыққа баулу.

Жастардың алған білімдері оларды өмірде туындаған кез келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді.

КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ-ның қызметкерлердің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының ережелері негізінде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының белгіленген нормаларын орындауына мониторингті жүзеге асыруды айқындау болып табылатын комплаенс-қызмет жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету (Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының жалпы қағидаттарын практикада қолдануға байланысты мәселелер бойынша кеңес түріндегі көмек көрсетеді).
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету (Қауіпсіздік тобына келіп түсетін арыздар мен өтініштерді, университеттің лауазымды тұлғалары мен басқа да қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекетіне қатысуы туралы өзге де мәліметтерді қабылдайды және тексереді).
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау (Университетте сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды талдайды).
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру (Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру мен студенттік ортада және университет, оның қызметкерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру бойынша шараларды әзірлейді, Университетте таза моральдық ахуал қалыптастыруға қатысады, оның бөлімшелерінде сапалы білім беру және білім беру процестерін қалыптастыруға ықпал етеді).

Университетте **сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі әдеп уәкілі** қызмет атқарады. Өз құзыреті шегінде уәкіл мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және

Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультативтік көмек көрсетеді;

- ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- әдеп нормаларының сақталуына мониторинг жүргізеді;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі әдеп уәкілі міндетті:

- ережелерді сақтамауға қатысты мәселелерді қарау кезінде қатысуға;
- Ереженің ережелерін сақтамау мәселелері бойынша қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ іскер серіктестер мен мүдделі тұлғалардың өтініштерін есепке алуды жүргізуге;
- ережелерді сақтамау мәселелері бойынша дауларды қарауда тәуелсіздік пен ашық ойды сақтауға;
- қағидалардың ережелерін бұзу фактісі бойынша жүгінген қызметкердің, лауазымды адамның анонимділігін қамтамасыз ету (анонимді болып қалғысы келген жағдайда).
- етекшісітельия обучающимися

Семей қаласының Шәкәрім атындаы университеті КеАқ-да **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және кәсіптік әдепті сақтау жөніндегі комиссия қызмет етеді.** Комиссия-қызметкерлердің тәртіптік істерін қарауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз етуге, университеттің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысының бұзылуын алдын алуға бағытталған тұрақты алқалы орган.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БІРГЕ КҮРЕСЕМІЗ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стретегияның негізгі басымдықтарының бірі – **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет** деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың нәтижесінде қоғамда бірлік, әдеп, игі адами қарым-қатынас пен ұйымшылдық сақталады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құқық пен адамгершілікті қамтиды,оныңерекшелігі осында. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет-бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Қоғамда адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - ол тек қана сана емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру барысында, адамдар сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды қолдау керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары әдеп, құқықтық мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды қоғамның барлық азаматтар игеруі тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейі жоғары болса, азаматтар қоғамда сыбайлас жемқорлықтың тұрақсыз екенін сезінетін дәрежеде болады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың көпшілігі азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Осыған байланысты, халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де

ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген міндеттер іске асырылуы тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру
- Құндылықтарды өзгерту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру
- Адалдық, заңдылық пен прагматизм әркімнің ішкі құндылық нанымына айналуға тиіс.
- Қоғам сыбайлас жемқорлықты проблемаларды оңай шешудің кепілі ретінде қабылдамауға, достық қарым-қатынас пен протекционизмді жұмыспен ұштастырмауға тиіс. Жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауға тиіс.
- Адамның сыбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауды немесе жасамауды таңдауы жазаның ауырлығымен және қылмыс жасаудан күтілетін пайдамен салыстырылмауға тиіс.
- Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған коммуникациялық шаралар кешенін қабылдау қоғамдық сананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы эволюциясында негізгі рөл атқарады.
- Құқықтық актілерді түсінікті тілде, қысқаша түрде түсіндіре отырып, сондай-ақ цифрлық шешімдерді, оның ішінде белгілі бір өмірлік жағдайлар мен заңдық фактілер бойынша автоматтандырылған хабарларды қолдана отырып, азаматтарға олардың құқықтары туралы нақты хабарлауды дамыту қажет.
- Ауқымды түсіндіру жұмысы азаматтарды мәселелерді шешудің заңсыз тәсілдерін іздеу қажеттілігінен қорғауға мүмкіндік береді.
- Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастары мен өмірлік қағидаттары бар жас ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды рөл атқарады.
- Тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дарыту табыстың іргелі факторы болып табылады.
- Осы орайда, отбасы институты арқылы, оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуетін пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты дамыту қажет.
- Білім берудің рөлін арттыру жөніндегі халықаралық практикалар мен бастамаларды имплементтеу, сондай-ақ жастардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетін нығайтуға ықпал ететін болады.
- Парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптары білім беру жүйесіне қосылатын болады. Баланы мектепке

дейінгіден бастап, әртүрлі жас кезеңдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліммен сүйемелдеп отыру қажет.

Бұл жұмыста әлемнің дамыған елдерінде кең таралған академиялық адалдық пәрменді құралға айналуға тиіс. Сол арқылы сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік иммунитеті мықты азаматтардың жаңа ұрпағы қалыптасатын болады.

Сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмаудың міндеттері айқындалған:

Бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау тәуекелдерін және сатып алуда сыбайлас жемқорлықты азайту.

Бағалау халықтың өмір сүру сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлық факторларының болуы призмасы арқылы жүргізіледі. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар салаларды жан басына шаққанда қаржыландыруды көздейтін және шығындарды жабуға бюджет қаражатының бөлінуін болдырмайтын "ақша адамның соңынан ереді" қағидаты негізгі қағидат болуы тиіс.

Бюджеттік қолдаудың экономикалық тиімділігін арттыру.

Мемлекеттік қолдау саласындағы жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (әкімшілердің көптігі, құқықтық актілердің бытыраңқылығы, қомақты бюджет қаражатының жұмсалуының жабықтығы мен бақылаусыз болуы) ескере отырып, осы бағыттағы мемлекеттік саясатты өзгерту талап етіледі.

Мемлекеттік қолдаудың барлық түрлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару әдіснамасын әзірлеу талап етіледі.

Әлеуетті адресаттар бюджеттік қолдау түрлері және оны алу мерзімдері туралы анық және уақтылы ақпарат алады. Растайтын мәліметтер сөзсіз объективті болған кезде оны бөлудің "проактивті" форматы енгізілетін болады.

Рәсімдердің айқындығын және кепілдік жарнадан төмен емес әділ нарықтық құнды қамтамасыз ете отырып, объектілерді мемлекеттік емес секторға беру тізбесі мен тетіктерін қайта қарау талап етіледі.

Сапалы цифрландыру сыбайлас жемқорлықты төмендету факторы болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жариялылығы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлық алғышарттарын өз бетінше жою белсенділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалған сыртқы және ішкі талдаулардың ұсынымдары құқықтық мониторинг жүргізу көздерінің тізбесіне енгізілетін болады, оның нәтижелері қоғамдық кеңес отырыстарында қарау нысанасына айналады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама институтын, оның ішінде сарапшылық әлеуетті жетілдіру арқылы одан әрі дамыту қажет.

Ғылыми тәсіл және жасанды интеллект элементтерін енгізу ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ете отырып, осы жұмыстың сапасы мен қамту аясын арттыруға мүмкіндік береді.
Жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидаты жазалау практикасында ғана емес, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, келтірілген залалды өтеуде және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруде де болуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлықта жосықсыз шенеуніктермен қатар бизнес-орта да мүдделі тарап болып табылады. Сараптамалық бағалауларға сәйкес, заңды тұлғалардың парадан алатын пайдасы параның өзінен он есе көп.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту сыбайлас жемқорлықты төмендету үшін міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Үлкен айыппұл санкцияларын және басқа да шектеу шараларын қолдану компаниялар үшін лауазымды адамдарды параға сатып алуды экономикалық тұрғыдан тиімсіз етеді.

Сонымен бір мезгілде кәсіпкерлік субъектілерін лауазымды адамдардың құқыққа сыйымсыз әрекеттерінен, оның ішінде рейдерліктен қорғау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

"Тұрмыстық" сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі жүйелі шаралар тұрғысынан мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар жұмыскерлерінің заңсыз материалдық сыйақыны қорқытып алу фактілерінің жолын кесу тәсілдері қайта қаралатын болады.

Неғұрлым тиімді алдын алу тетігі мақсатында пара ұсынуды/параны уәде етуді криминалдандыру қажет, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда елеулі прогреске қол жеткізу және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету үшін, Қазақстанның жаңа халықаралық құқықтық құралдарға – Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы конвенциясына және ЭЫДҰ-ның Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды адамдарды параға сатып алумен күрес жөніндегі конвенциясына қосылу керек.

4-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту

Қоғамдық бақылау институтын дамыту

Азаматтық қоғамның пікірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың "лакмус қағазы" болуға тиіс.

Қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктері қоғамдық кеңестердің қызметімен шектелмейді.

Осы бағытта "Қоғамдық бақылау туралы" Заңның қабылдануы маңызды болып табылады, ол мемлекеттік бақылауға балама ретінде осы институтты айқындап береді.

Азаматтық қоғам өкілдерінің бюджет процесіне, мемлекеттік сатып алу мониторингіне, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалауға,

қандай да бір саладағы, өңірдегі неғұрлым проблемалы, өткір мәселелерді айқындауға қатысуы арқылы олардың мемлекетпен өзара іс-қимыл процестерін жетілдіру қажет.

Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры есебінен іске асырылатын жобаларға тиімді қоғамдық мониторинг енгізіледі.

Мемлекеттік органдардың шешімдері туралы ақпараттың жариялылығы азаматтық қоғаммен сындарлы диалогқа жәрдемдесетін болады және халықтың шенеуніктермен артық байланыс жасау қажеттілігін жоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпарат беруіндегі бытыраңқылық пен көп есептілікті жойған жөн.

Пәрменді кері байланыс тұрғысынан азаматтар үшін өзекті әрі түсінікті деректерді орналастыра отырып, мемлекеттік органдардың жария ақпараттық ресурстарын оңайлатуды қамтамасыз ету қажет.

Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қоғамдық кеңестерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы рөлін күшейту бөлігінде олардың функцияларын объективті түрде қайта қарау талап етіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға журналистер мен өзге бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін кеңінен тарту қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал ететін болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде журналистердің өкілеттіктері мен құқықтарының әлеуетін барынша толық пайдалануға ықпал ету қажет.

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау тетіктерін жақсарту

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға қатысуын ынталандыру үшін олар туралы хабарлаудың қолданыстағы тетіктері дамытылатын болады.

Қоғамдық санада дұрыс көзқарас қалыптастырған маңызды. Сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениеті сөз жеткізушілікпен астаспауға тиіс.

Азаматтарға сыбайлас жемқорлық фактілері туралы цифрлық коммуникацияның оңайлатылған тәсілдері арқылы хабарлау мүмкіндігі берілуге тиіс.

Бұл ретте бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша қоғамдық резонанс тудыратын сигналдарға ерекше назар аудару қажет. Мұндай кеңінен үн қосу теріс пайдалану және тиімсіз жұмсау фактілерінің алдын алу жағдайында көтермелеуге негіз болуға тиіс.

ЭЫДҰ-ның және ГРЕКО-ның ұсынымдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың кешенді жүйесін заңнамалық деңгейде енгізу талап етіледі.

Ақпарат берушілерді жұмыс орнында қудалау мен қысым жасаудан қорғай отырып, олардың еңбек ету құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды бекіту қажет.

Арыз иесі туралы және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көрсеткен жәрдем туралы ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылық енгізе отырып, оның құпиялылығына кепілдік берілуге тиіс.

5-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда үздік нәтижелерге қол жеткізу және қабылданатын шаралардың тиімділігін объективті бағалау мониторингтің тұтас жүйесі арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Енгізілетін жобалық тәсілді ескере отырып, ол объективтілік және жариялылық қағидаттарына негізделетін болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ахуалды нақты уақыт режимінде көрсететін индикатор болады.

Мұндай құрал азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының жұмысын рейтингтік бағалау көзі болып, оларды азаматтардың өмір сүру сапасын нақты жақсартуға ынталандырады.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін әлеуметтанушылық өлшеулерді дамыту мәселесі жұртшылықтың мұндай зерттеулердің нәтижелеріне, оларды жүргізу тәсілдері мен әдістеріне кеңінен қолын жеткізе отырып, жеке қарауды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлықты түйсінудің ұлттық индексін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларының қаншалықты тиімді екенін түсінуге, өзгерістерді бағалауға және іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

6-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға баса мән беріліп жатқан кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларына және ақпараттық жүйелеріне, қол жеткізудің нақты негіздерін, алынған ақпаратты теріс пайдалану мен жария ету және оларды қызметтен тыс мақсаттарда пайдалану мүмкіндіктерін болдырмайтын бақылау тетіктерін белгілей отырып, қол жеткізу мәселесін одан әрі пысықтай отырып, үлкен деректерді талдау негізінде интеграцияланған талдау құралдарын қолдану өзекті болып отыр.

Мұндай тетік жасырын заңдылықтар мен тәуекелдерінің арақатынасын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың үрдістері мен басқа да инсайдтарды анықтауға ықпал ететін болады.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық алғышарттарының бар екендігі туралы сигналдары кейіннен ден қою шараларын қабылдау үшін үлкен деректерді талдау шеңберінде пайдаланылуға тиіс.

"1424" call-орталығы кадрлық және техникалық тұрғыдан озық стандарттарға сәйкес келетін болады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерінің жұмысы мәселелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның үйлестіруші рөлі күшейтіледі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтығын қамтамасыз ету үшін Әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде кешенділік пен толықтықты қамтамасыз ету үшін әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара іс-қимылын регламенттеу қажет.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз сапалы арттыру процесін талап етеді.

Цифрлық қаржы активтерін, криптобиржаларды және басқа да цифрлық платформаларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде одан арғы байыпты халықаралық ынтымақтастық шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы озық стандарттарды имплементтеу жөніндегі жұмыс, оның ішінде ГРЕКО-ның және ЭЫДҰ-ның ұсынымдарын іске асыру арқылы жалғасатын болады.

ӘРБІР
ОҚЫТУШЫ, ҚЫЗМЕТКЕР,
БІЛІМ АЛУШЫ
БІЛУІ ТИІС:

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- ҚР Қылмыстық кодексі
- ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.
- «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ білім алушыларының ар-ұждан кодексі.
- «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ профессорлық-оқытушы құрамы мен қызметкерлерінің ар-ұждан кодексі.

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ ПРОФЕССОРЛЫҚ - ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ профессор - оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің Ар-ұждан кодексі (бұдан әрі-Кодекс) университеттің қызметтік этика, академиялық адалдық нормаларының, сондай-ақ университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің мінез-құлық ережелері мен қағидаттарының жиынтығын айқындайтын құжат болып табылады.

1.2 Осы Кодекстің барлық нормаларын іске асырудың басты мақсаты - университет қоғамдастығының корпоративтік мәдениетін нығайту, университет оқытушылары мен қызметкерлерінің беделін арттыру.

1.3 Кодексте атқаратын лауазымына, мәртебесіне қарамастан - университет ішінде университет ұжымының барлық мүшелеріне қолданылатын тәртіп ережелері мен стандарттары қамтылған.

1.4 Университеттің әрбір оқытушысы мен қызметкері осы Кодекстің нормаларын мүлтіксіз сақтай отырып, оның имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосады.

1.5 Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер университетте жұмысқа орналасқаннан кейін үш күн мерзімде осы Кодекстің мәтінімен жазбаша нысанда, құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысы таныстыруға тиіс.

1.6 «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ профессор - оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің «Ар-ұждан» кодексі Шәкәрімнің «Ар ілімі» негізінде аталған нормативті-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып құрастырылды:

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.
- Университеттің локальді (жергілікті) нормативтік актілері.

2. Негізгі принциптер мен корпоративтік құндылықтар

2.1 Өз қызметінде университет оқытушылары мен қызметкерлері төмендегі моральдық және этикалық қағидаттарды:

- тек білім алушылардың, ұжымның және жалпы қоғамның мүддесі үшін шешім қабылдауы;

- өзін, әріптестерін және университет қауымдастығын беделін түсіруге бағытталған іс-әрекеттер жасауға жол бермеуі;
- өзінің педагогикалық және қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындауы;
- университетте сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуі;
- егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты болса, жоғары тұрған адамды, университет басшылығын, комплаенс-офицерді дереу жазбаша нысанда хабардар етуі;
- мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу бойынша шаралар қабылдауы;
- қызметтік функцияларды орындаудың нәтижелі, ашық тәсілдерін, ең тиімдісін табуға және пайдалануға ұмтылуы;
- қарамағындағылардан лауазымдық өкілеттіктерінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпеуі;
- өзінің және отбасы мүшелерінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып, өздері үшін ешқандай игіліктер мен артықшылықтар қабылдамауы;
- қызметтік жағдайды теріс пайдаланудан, өзімшілдіктен немесе басқа да жеке мүдделерден аулақ болуы;
- пара немесе пара ретінде қарастырылуы мүмкін әрекеттерге жол бермеуі;
- қызмет бойынша құқыққа қарсы әрекетті бүркемелеуге, жасырып қалуға жол бермеуі;
- жұмысқа/қызметке қабылдау және жоғарылату кезінде протекционизм мен отбасылық, туыстық жағдайдың орын алуына жол бермеуі;
- қызметтік шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға, әріптестерге құқыққа сыйымсыз артықшылық бермеуі;
- шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға, әріптестерге құқыққа сыйымсыз артықшылық бермеуі;
- еңбек тәртібін сақтау, басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін уақтылы орындауы;
- қызметтік ақпаратты, жария етпеуі (оның ішінде мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы);
- Қазақстанда тұратын барлық халықтардың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен тілдерін құрметтеуі;
- лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты бағыныштылардың, білім алушылардың және т.б. қызметтерін жеке мақсатта пайдаланбауы;
- әріптестермен және білім алушылармен қатынас жасауда іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауы;
- қызметтен тыс уақытта мінез-құлық стандарттарын сақтау, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуі;
- өз діни сенімдерін ұжымда көрсетпеу, не қарамағындағыларды заңсыз қоғамдық құрылымдар мен діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуі;

- сыртқы келбетінің ресми, ұстамды және ұқыпты болуын қадағалауы;
- бейдж тағып жүруі;
- көпшілік алдында сөйлеуге байланысты мінез-құлық стандарттарын сақтауы;
- өзінің кәсіби білімін үздіксіз жетілдіруі;
- жеке пайда, теріс көріністер, сыбайлас жемқорлық және парақорлық фактілерін ескере отырып, жол бермеуі;
- академиялық адалдық пен жауапкершілікті жариялау, жоғары оқу орындарының үздік дәстүрлерін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын сақтау және дамытуы;
- ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауда үлгі көрсетуі;
- басқа қызметкерлер тарапынан осы Кодекстің нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуі;
- университеттің мүлкін ұқыпты және тиімді пайдалануы;
- осы Кодексті басшылыққа алуы тиіс.

3. Университет оқытушысы мен қызметкерлерінің білім алушылармен қарым - қатынасы

3.1 Білім алушылармен қарым-қатынаста университет оқытушылары мен қызметкерлері орындауы тиіс:

- жасына, жынысына, ұлтына, дініне, азаматтығына, тегіне, әлеуметтік жағдайына немесе кез келген басқа жағдайларға қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі;
- мұқтаж әрбір білім алушыға моральдық-психологиялық және консультациялық көмек көрсетуі;
- оқытушы, адамгершілікке тәрбиелеуші ретіндегі өз міндетін үнемі есте сақтауы;
- білім алушылардың университеттің оқыту жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал етуі;
- білім алушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеуге, өз әріптестері тарапынан мұндай әрекеттердің жолын кесуге күш салуға;
- өз іс-әрекеттерімен білім алушылар мен қоғам тарапынан негізделген сынға себеп бермеуге, оларға төзімділікпен қарауға, кемшіліктерді жою және кәсіби қызметін жақсарту үшін конструктивті сынды қабылдауға;
- білім алушыларға дөрекі және адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас жасамауға, оның адамдық қадір-қасиетін қорламауға;
- мүдделер қақтығысы туындаған кезде білім алушы-оқытушы - университет, білім алушы-отбасы және т.б., университет оқытушысы, егер оларды жүзеге асыру білім алушының өзіне немесе айналасындағыларға тікелей зиян келтірмесе, білім алушының мүдделеріне басымдық берілуі.

3.2 Қызметкерлер мен оқытушылардың академиялық адалдықтың этикалық қағидаттарын енгізудегі жауапкершілігі:

ПОҚ және университет қызметкерлері академиялық адалдықтың көрінісін анықтауға, алдын алуға жауапты. Оқу үрдісіне қатысушылар академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін моральдық жауапкершілікке ие екенін есте ұстауы керек.

- ***ӘР АДАМ ӨЗІНІҢ АРЫНЫҢ АЛДЫНДА ЖАУАП БЕРМЕК.***

3.3 ПОҚ, университеттің қызметкерлері қызметтік нұсқаулық шеңберінде қызмет атқаруға міндетті.

4. Әріптестер арасындағы қарым-қатынас

4.1 Университет оқытушылары мен қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас өзара құрметке, сенімге негізделуі және білім алушының мүдделерін сақтаумен ерекшеленуі тиіс.

4.2 Әріптестермен қарым-қатынаста университет оқытушылары мен қызметкерлері адал, әділ, қайырымды, әдепті, сыпайы болуға, сондай-ақ олардың білімдері мен тәжірибелеріне құрметпен қарауға, өз тәжірибелері мен білімдерін олармен риясыз бөлісуге дайын болуға тиіс.

4.3 Қызметкерлерді басқарудың моральдық құқығы жоғары кәсіби құзыреттілік пен жоғары адамгершілікті талап етеді. Әріптеске қатысты сын дәлелді болуы және жеке басының ар-намысын қорлайтындай болмауы керек. Кәсіби іс-әрекеттерді сынауға болады, бірақ әріптестердің жеке басын сынауға болмайды. Әріптестердің беделін түсіру арқылы өз беделіңізді нығайтуға тырысуға жол берілмейді. Университет оқытушылары мен қызметкерлері білім алушылар және олардың туыстарының қатысуымен әріптестері мен олардың жұмысы туралы жағымсыз сөздер айтуға құқығы жоқ.

5. Университет оқытушысы мен қызметкерінің жол берілмейтін әрекеттері:

5.1 университет ПОҚ немесе қызметкерлеріне өзінің мәртебесін, білімі мен ережелерін теріс пайдалана отырып, **төмендегі мәселелерге жол берілмейді:**

- өз білімі мен мүмкіндіктерін адамгершілікке жатпайтын мақсаттарда пайдалануға;
- студентті жазалау мақсатында, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүддесі үшін әріптеске стандартты емес әсер ету әдістерін қолдануға;
- әріптеске, білім алушыға өзінің жеке философиялық, діни және саяси көзқарастарын үгіттеуге;

- әріптеске, білім алушыға қасақана да, немқұрайлылықпен де психологиялық, моральдық немесе материалдық зиян келтіру және осындай зиян келтіретін үшінші тұлғалардың іс-әрекеттеріне немқұрайлы қарауға;
- деректерді бұрмалау, ойдан шығарылған немесе әдейі бұрмаланған материалдарды ұсынуға;
- бағалау ведомостарын немесе басқа құжаттарды қолдан жасау, емтихан материалдарын кафедра меңгерушісінің рұқсатынсыз білім алушыларға немес басқа тұлғаларға ұсыну, сатуға.

5.2 Университет оқытушысының немесе қызметкерінің жеке көзқарасы және басқа да кәсіби емес себептер оқыту мен тәрбиелеуге әсер етпеуі керек.

5.3 Білім алушылардан сыйлықтар қабылданбайды. Сыйлықтар қызмет көрсету үшін берілмеуі немесе алынбауы керек. Қолма-қол ақша немесе бағалы сыйлықтар түрінде сыйлықтар алуға тыйым салынады.

5.4 Университет оқытушысы мен қызметкерінің өз жағдайын, әріптесінің, білім алушылардың эмоционалдық жағдайын пайдалана отырып, онымен мүліктік мәмілелер жасауға, олардың еңбегін жеке мақсатта пайдалануға, сондай-ақ бопсалау мен парақорлықпен айналысуға құқығы жоқ.

5.5 Университет оқытушысы мен қызметкері өз қызметі барысында басқа әріптестеріне, білім алушыға анықталмаған, толық емес немесе бұрмаланған ақпарат беруге құқылы емес.

5.6 Сараптамаларға, консилиумдарға, комиссияларға, консультацияларға және т.б. қатыса отырып, университет оқытушысы мен қызметкері өз ұстанымы туралы анық және ашық мәлімдеуге, өз көзқарасын қорғауға, ал оған қысым жасалған жағдайда - заңдық және қоғамдық қорғауға жүгінуге міндетті.

5.7 Университет оқытушысы мен қызметкері ғылыми этика нормаларын бұзуға жол бермеуі тиіс:

- Плагиат-өз авторларының рұқсатынсыз басқалардың идеяларын, жұмыстарын, зерттеу нәтижелерін немесе мәтіндерін иемдену, көбінесе өз атымен басқа біреудің туындысын жариялау, сондай-ақ сілтеме жасамай басқа біреудің туындыларынан үзінділер келтіру.
- Өзіндік плагиат (Самоплагиат) - автордың өзі бұрын жариялаған өз шығармаларын толықтай, немесе бөліктерін мазмұнын өзгертусіз басқа тақырыппен қайта жариялау.
- Деректерді ойдан шығару - деректерді немесе зерттеу нәтижелерін кейіннен жариялай отырып, оларды қолдан жасау.
- Деректерді бұрмалау - зерттеу жүргізу кезінде пайдаланылатын материалдарды, жабдықтарды немесе процестерді манипуляциялау, сондай-ақ деректерді немесе зерттеу нәтижелерін өзгерту немесе өшіру.

6. Кодекстің қолданылу шектері, оны бұзғаны үшін жауапкершілік, оны қайта қарау тәртібі

6.1. Осы Кодекс университет шегінде қолданылады және университеттің барлық оқытушылары мен қызметкерлері үшін міндетті күшке ие.

6.2. Кәсіби этиканы бұзғаны үшін жауапкершілік дәрежесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және кәсіптік әдепті сақтау жөніндегі комиссия айқындайды. Егер адамгершілік - этикалық нормаларды бұзу бір мезгілде құқықтық нормаларды қозғайтын болса, университет оқытушылары мен қызметкерлері ҚР заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.3. Еңбек міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ПОҚ және университеттің өзге де қызметкерлері ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.4. Осы Кодекстің жекелеген ережелерін қайта қарауды және түсіндіруді университет оқытушыларынан, қызметкерлерінен және білім алушыларынан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және кәсіптік әдепті сақтау жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

6.5. Университет осы Кодекстің бұзылғанына сенуге негіз бар университеттің қызметкерлері мен білім алушылары комплаенс қызметінің тікелей басшыларына немесе мамандарына осы Кодексті бұзған немесе бұзуға ықтимал мүмкіндігі бар адамдар туралы дереу хабарлайды деп күтеді.

6.6. Осы Кодекстің ережелері бойынша нақты консультациялар алу үшін өз басшысына немесе комплаенс қызметінің мамандарына жүгінуге болады.

6.7. Университет осы Кодекстің талаптарын сақтауға кепілдік береді.

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ

Преамбула

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ білім алушылары:

университеттің ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаны қалыптастыру миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, Шәкәрімнің Ар іліміне сүйене отырып, университеттің өсіп өркендеуіне үлес қоса отырып, білім алушылармен, қызметкерлермен және жоғары оқу орнының әкімдігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып, Ар-ұждан кодексін қабылдайды және оны қалтқысыз орындауға міндеттенеді.

Білім алушылар міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Университет Жарғысын, Академиялық саясатын, ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелерін (жатақханада тұрған жағдайда) және университеттің оқу-тәрбие үрдісіне қатысты басқа да нормативтік актілерін білуге және сақтауға;
- Қазакстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, Қазақстанның ұлттық мәдениетін, тарихын білу және құрметтеу, университеттің дәстүрлерін сақтауға;
- шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, физиологиялық ерекшеліктеріне, дүниетанымдық көзқарастарына қарамастан кез келген адамға құрметпен қарауға;
- Шәкәрім университетінің білім алушылары өзінің оқу міндеттерін қатаң орындауға, төмендегідей академиялық адалдық принциптерін бұзбауға:
  - *плагиат;*
  - *алдау;*
  - *шпаргалка пайдалану, білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында көшіру және біреуден сұрау;*
  - *білімді бақылау процедурасынан бөтен тұлғаның атынан өту;*
  - *жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік байланыстарын пайдалану;*
  - *пара беру;*
  - *оқытушыны алдау және оны сыйламау;*
  - *сабақтарды жіберу және кешігу, оқу сабақтарына немесе олардың бір бөлігіне белгісіз себептермен қатыспау;*
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуға;
- бақылау тапсырмаларын (аралық, межелік бақылау) белгіленген мерзімде орындауға;

- ❖ басқа білім алушылармен, оқытушылармен және әкімшілікпен қарым-қатынаста сыпайылық, әдептілік және ықыластылық танытуға;
- ❖ университет мүлкіне ұқыпты қарауға және оның аумағында вандализм жасамауға;
- ❖ айналасындағыларға қауіп төндіретін заттарды әкелмеуге;
- ❖ салауатты өмір салтын ұстануға, өзінің мәдени, адамгершілік және физикалық деңгейін арттыруға ұмтылу, университеттің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсенді катысуға;
- ❖ университет ішінде және одан тыс жерлерде де құқықтық ережелерге қарсы іс- әрекеттерге жол бермеуге;
- ❖ тәртіп бұзуға бағытталған ақпараттың таратылуына жол бермеуіне, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауға;
- ❖ университет мүддесіне қайшы келетін, университет имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін қандай да бір әрекетке бармауға;
- ❖ эстетикалық талапқа сай киінуге;
- ❖ оқу корпустарында сабақтарға кедергі келтіретіндей қатты сөйлемеуге және шу көтермеуге;
- ❖ дәрісхана, асхана, кітапхана т.б.қоғамдық орындарда сырт киіммен жүрмеуге, сағыз шайнамауға, ұялы телефонмен сөйлеспеуге, жеке бас сезімдері мен өзге де құлшыныстарды көпшілік алдында көрсетпеуге;
- ❖ ынсапты, мейірімді, әділетті, тату болуға.

Білім алушылар құқылы:

- оқытушылардың сабақ өту сапасы мен тәсілдері туралы өз пікірлерін, сонымен қатар оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарын ашық айтуға;
- жалпы ұйымдастырушылық мәселелер мен оқу процесіне қатысты өз пікірін айтуға, осы Кодекстің ережелерін бұзуға байланысты жағдайларды талдауға қатысуға;
- аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын анықтаған сәтте оны өз күшімен түзетуге, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе университет әкімшілігіне хабарлауға;
- қызығушылығына байланысты студенттік ұйымдарға тіркелуге;
- заңмен шектелмеген жобаларды ұсынуға және жүзеге асыруға.

Ар-ұждан кодексінде белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда білім **алушыға қолданылатын жаза түрлері:**

- *Ауызша ескерту.*
- *Тапсырмаға қойылған бағаны жою.*
- *Бағаланатын тапсырмаларға, оның ішінде дипломдық және диссертациялық жұмыстарды қорғауға жібермеу.*
- *Университеттен шығару.*

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ білім алушыларының «Ар-ұждан» кодексі аталған нормативті-құқықтық актілерді негізге ала отырып құрастырылды:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- Университеттің ішкі нормативтік құжаттары.
- Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы.

«МЕЙІРІМ, ЫНСАП, ӘДІЛЕТ, АДАЛ ЕҢБЕК, ТАЗА ЖҮРЕК, ТАТУ ДОС - ӨМІРІНДЕ ӨКІНДІРМЕС ҚАСИЕТТЕР ОСЫЛАР»

/ ШӘКӘРІМ /

ПАЙДАЛАНҒАН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы. (17.07.2023 жылғы өзгертулерімен). // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802/history
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. (19.04.2023 жылғы өзгертулерімен). // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410/history
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (12.07.2023 жылғы өзгертулерімен). // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/history
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. (12.07.2023 жылғы өзгертулерімен). // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/history
5. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. (10.07.2023 жылғы өзгертулерімен). // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_/history
6. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. (04.07.2023 жылғы өзгертулерімен). // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414/history
7. Тоқаев Қ.К. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Жүгіну уақыты: 01 ақпан 2022ж. // https://kaz.nur.kz/politics/1954069-toqaev-sybailas-zemqorlyqqa-qarsy-is-qimyl-maseleleri-zoninde-kenes-otkizdi/
8. Тоқаев жемқорлық туралы: мемлекеттік орган басшылары отставкаға кетуі керек. Жүгіну күні: 20.05.2019ж. // https://sputnik.kz/20190520/toqaev-jemqorlyqpen-kures-10205714.html
9. Таубаев Б.Р. Сыбайлас жемқорлықтың ұғымы және оның қылмыстық-құқықтық көрініс нысандары. // https://articlekz.com/kk/article/17192
10. Аргинбекова Г. И. Жастардың жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру маңызды іс / Г. И. Аргинбекова, Р. Р. Кындыбаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 17.1 (307.1). — С. 2-3. — URL: https://moluch.ru/archive/307/69129/ (дата обращения: 15.08.2023).
11. Джаппарова, Р. Т. Сыбайлас жемқорлықтың күрделі, көп қырлы әлеуметтік жағымсыз болмыс ретіндегі ұғымы / Р. Т. Джаппарова, Н. Ф. Карабек. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 8.9 (112.9). — С. 33-36. — URL: https://moluch.ru/archive/112/29212/ (дата обращения: 18.08.2023).